

КМҚК №33 «Көркемай» бөбекжай – бақшасы

*Білім беру саласы: «Қатынас»*

*Оқу – қызметі: «Көркем әдебиет»*

*Тақырыбы: «Қояным»*

*«Айша» кіші тобы*

*Өткізген: Шекебайқызы С.*

2022 оқу жылы

**Күні: 25.05.2022 жыл**

**Білім беру саласы: «Қатынас»**

**Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Көркем әдебиет».**

**Тақырыбы: «Қояным»**

**Мақсаты:** Шағын өлеңді жатқа айту, сөйлеу барысында дауыс ырғағы мен қарқынын қадағалап, кейіпкердің бейнесін, мінез-құлқын дұрыс жеткізуге дағдыландыру; қол мен саусақты жаттықтыруға ойындар мен ойыншықтарды пайдалануға іскерліктерін қалыптастыру.

**Көрнекіліктер:** көкөністер, (макеті), атрибуттар.

**Сөздік жұмыс:** сыбдыр, ойлы-қырлы, томпаңдап.

Ұйымдастыру кезеңі:

Жылулық шеңбері: (әуеннің ырғағымен)

*Дөңгеленіп тұрайық,*

*Үлкен шеңбер құрайық!*

*Қол алысып, қанекей*

*Амандасып алайық.*

*Сәлем күнге көктегі,*

*Сәлем гүлге жердегі.*

*Сәлемемді жолдаймын,*

*Балыққа да көлдегі!*

**Тәрбиеші:**

- Қазір жылдың қай мезгілі? \көктем мезгілі\
- Көктем мезгілінде ауа- райы қандай болады? \күн жылынады, құстар ұшып келеді, ағаштар бүршік атады, жер көгереді, гүлдер гүлдей бастайды, адамдар қалың киімдерін тастап, жұқа киімдерін киеді\
- Көктем мезгілінде неше ай бар? \3 ай бар, наурыз, сәуір, мамыр\
- Орманда өмір сүретін қандай жануарларды білесіңдер?

**Жұмбақ:**

Сылдырдан қорқады,

Шошынып жортады. (Қоян)

-Қоян қандай жануарға жатады?

-Қоянның құлағы қандай?

Ұзын ба, әлде қысқа ма? -Дұрыс айтасындар, балалар!

-Балалар, барлығымыз тақтаға назар аударайықшы!

-Не көріп тұрмыз? -Қоян туралы қысқаша мәлімет беру.

-Қоян қыста ақ түсті болады.

-Қояндар орман-тоғайлар мен далалы жерлерді мекендейді. Қоянның жауы көп. Оны қасқыр да, түлкі де аулайды. Көктемде және күзде оның жүнінің түсі өзгереді. Егер қоян сұр күйінде қала берсе, онда ол жауларының көзіне тез ілігеді. Сондықтан ақ қоян күзде түлейді: сұр жүнінің орнына қардай аппақ ақ жүн өседі. Қоян жауынан осылайша қорғанады. Қоянның баласы көжек, олар шөпке жайылады және сәбізді жақсы көреді.

**Тәрбиеші:**

Қане балалар, мен сендерге қоян туралы өлең оқып бергім келіп тұр.

*Ұзын құлақ сұр қоян,  
Естіп қалып сыбдырды.  
Ойлы – қырлы жерлермен,  
Ытқып- ытқып секірді.  
Қарап еді артына  
Қиығын салып көзінің  
Келе жатқан томпаңдап  
Көжегі екен өзінің.*

Олай болса балалар, осы қоян туралы өлеңді бәріміз бірге айтып көрейікші:  
(балалармен бірге өлеңді оқу)

**Дидактикалық ойын:** «Бұл ненің құлағы?»

Ойынның шарты: жабайы жануарлардың құлағын ажыратып орналастыру.

**Қимылды ойын:** «Қоян сияқты секірейік»

Шарты: әуеннің ырғағымен жануарлардың іс-қимылдарын салады.

Қорытындылау:

-Балалар, бүгінгі оқу- қызметі сендерге ұнады ма? \Иә!

-Бүгінгі сабағымызда не туралы айттық? \Қоян туралы.

-Қоян қандай аң? \Жабайы жануар.

Оның түсі неге өзгереді? \ Басқа жануарлардан қорғану үшін.

Балаларды мадақтау.